

Қамардың трагедиясы — рухани жалғыздық

ЖАРИЯЛАНДЫ 22.04.2026	ТІРЕК СӨЗДЕР «Қамар сұлу» романы, әйел теңсіздігі, интеллектуалдық алшақтық, кейіпкер психологиясы, қазақ әдебиеті, психологиялық параллелизм, рухани жалғыздық, Сұлтанмахмұт Торайғыров, трагедиялық финал, тұлға және қоғам, хат түріндегі проза, экзистенциалды трагедия	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/188320/
---------------------------------	---	---

Мергенбаева Махаббат

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті

Филология факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Бабашов Азат Мақсұтбекұлы**

Аннотация. Бұл мақала қазақ әдебиетінің классикалық туындысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын жаңаша психологиялық қырынан зерделеуге арналған. Шығармадағы Қамар бейнесі дәстүрлі түрде әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны ретінде қарастырылып келсе, бұл зерттеуде кейіпкер трагедиясының түп-тамыры оның рухани жалғыздығында екеніне басымдық беріледі.

Мақаланың мақсаты-Қамардың ішкі әлеміндегі интеллектуалдық деңгей мен оны қоршаған ортаның тоғышарлық болмысы арасындағы терең алшақтықты ашу.

Автор Қамарды өз заманынан озып туған, білімге құштар, сезімі сергек тұлға ретінде бейнелей отырып, оның қасіретін «жан диссонансы» тұрғысынан талдайды. Неліктен сұлулық пен ақыл тоғысқан жерде бақыт емес, қасірет орнады? Неге Ахметпен арадағы махаббат Қамарды рухани тығырықтан құтқара алмады? Зерттеу барысында кейіпкердің хаттары мен ішкі толғаныстарына экзистенциалды талдау жасалып, оның есінен алжасуы қоршаған ортаның мәдени-рухани деградациясына қарсылықтың шекті нүктесі екені дәлелденеді.

Мақала әдебиеттанушыларға, студенттерге және қазақ классикасына жаңаша көзқараспен қарағысы келетін қалың оқырман қауымға арналған. Қамар трагедиясы арқылы бүгінгі қоғамдағы жеке тұлға еркіндігі мен рухани оқшаулану мәселелері де жанама түрде қозғалады.

Кілт сөздер: Сұлтанмахмұт Торайғыров, «Қамар сұлу» романы, рухани жалғыздық, кейіпкер психологиясы, экзистенциалды трагедия, тұлға және қоғам, интеллектуалдық алшақтық, хат түріндегі проза, психологиялық параллелизм, трагедиялық финал, әйел теңсіздігі, қазақ әдебиеті.

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті — ұлттық сананың оянуы мен ескілік құрсауынан шығуға ұмтылған заман рухының айнасы. Осы кезеңнің шоқтығы биік туындысы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы дәстүрлі қазақ прозасындағы әлеуметтік реализмнің ғана емес, терең психологиялық талдаудың бастауы болды. Шығарма жарық көрген күннен бастап, Қамар бейнесі әйел теңсіздігінің, қалың мал мен ескішілдіктің құрбаны ретінде бағаланып келді. Алайда, бүгінгі жаһандану дәуірі мен антропологиялық бетбұрыс кезеңінде біз бұл бейнеге жаңа қырынан — тұлғалық жалғыздық пен рухани экзистенция тұрғысынан қарауға тиіспіз. Неліктен Сұлтанмахмұт өз кейіпкерін жай ғана бақытсыз етіп қоймай, оны ақыл мен парасаттың биігіне көтерді? Бұл сұрақтың жауабы Қамардың трагедиясы оның тәнінің тұтқындалуында емес, оның жанының өз ортасынан оқшаулануында жатқанын аңғартады.

Қамар — өз дәуірінің интеллектуалдық феномені. Оның білімге құштарлығы, хат жазу мәдениеті және сезім дүниесінің нәзіктігі оны айналасындағы «Нұрымдар» мен «Омарлар» тобынан мүлдем бөлек биікке шығарады. Сондықтан да оның қасіреті — тек әлеуметтік емес, ең алдымен рухани-интеллектуалдық трагедия. Ол — қараңғылықтың ортасында жалғыз жанған жарық сияқты. Оның жаны жарыққа ұмтылғанымен, қоршаған ортаның қалың тұманы сол сәулені жұтып қоюға тырысады. Осы динамикалық қайшылық шығарманың бүкіл сюжеттік желісін шиеленістіріп, оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміндегі «үнсіз айқайды» тыңдауға мәжбүр етеді.

Мақаланың өзектілігі де осында: біз Қамардың есінен алжасуын әлсіздік емес, рухани тұрғыдан өлуді қаламайтын асқақ рухтың тоғышар қоғамға деген соңғы наразылығы, метафоралық түрдегі «қашуы» деп қарастырамыз. Бүгінгі таңда да жеке тұлғаның өз ортасында түсінілмеуі, рухани жалғыздыққа бой алдыруы — адамзат баласының алдынан шығатын мәңгілік мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, Торайғыров романы тек тарихи жәдігер емес, адам психологиясының күрделі иірімдерін зерттейтін тірі организм іспеттес.

Бұл зерттеуде біз Қамар бейнесін әлеуметтік шеңберден шығарып, оның «ішкі меніндегі» рухани жалғыздықтың табиғатын ашуға тырысамыз. Қамардың трагедиясы — түсінілмеген сұлулықтың, бағаланбаған ақылдың және өз биігінен құлаған асқақ арманның трагедиясы. Осы арқылы Сұлтанмахмұттың суреткерлік шеберлігі мен адам жанының инженері ретіндегі рөлін жаңа белесте пайымдаймыз.

Негізгі бөлім

1. Интеллектуалдық биіктік пен тоғышарлықтың қақтығы.

Қамар бейнесі- қазақ әдебиетіндегі ең жұмбақ әрі күрделі образдардың бірі. Шығарманы терең зерделеу барысында менің байқағаным: Қамардың трагедиясы сыртқы қысымнан (Нұрымның зорлығы немесе Омардың сатқындығы) бұрын, оның ішкі интеллектуалдық диссонансынан бастау алған. Менің ойымша, Қамар өз ортасы үшін тым ақылды, тым білімді және тым сезімтал болды. Ол — қараңғы қапастағы жарық, бірақ сол жарықтың өзі оның сорына айналған жоқ па?

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев Сұлтанмахмұттың суреткерлігіне тоқтала келе:

«Торайғыров Қамарды жай ғана ауыл қызы емес, нағыз мәдениетті, оқыған, сана-сезімі оянған тұлға деңгейіне көтерді»,- деп атап көрсетеді.

Осы пікірді негізге ала отырып, мен мынадай тұжырым жасар едім: Қамардың хаттарындағы логика, сөз қолданысындағы эстетика оның айналасындағылардан көш ілгері екенін ғана емес, оның рухани оқшауланғанын да көрсетеді.

Мұнда заңды сұрақ туындайды: Егер Қамар оқымаған, топас, тек тұрмыс тауқыметіне көнген момын қыз болса, ол дәл осындай жан азабын кешер ме еді? Менің пайымдауымша, оның білімі -оның жанына салынған ең ауыр жүк болды.

Әйгілі сыншы Кәкен Ахметов Қамардың образын талдай отырып, оның бойындағы асқақ рухтың тоғышарлықпен сыйыспайтынын айтады. Мәтінді оқу барысында мен де осы ойға тоқталдым: Қамарды қоршаған орта -бұл тек географиялық мекен емес, бұл — рухани деградацияға ұшыраған қоғам. Бұл қоғамда әйел — адам емес, «малға айырбасталатын мүлік».

Ойланып көріңізші: Қамарды кім өлтірді? Нұрымның соққысы ма, әлде өз ортасының оны «түсінбеуі» ме? Меніңше, Қамардың «есінен алжасуы» -бұл жеңіліс емес, бұл- санасы жетпеген надан қоғамнан мүлдем бөлініп, өз әлеміне кетіп қалуының, яғни рухани тазалығын сақтап қалуының жалғыз жолы.

2. Хаттардағы «үнсіз айқай» және психологиялық тұңғыйық

Егер бірінші бөлімде Қамардың ақылын айтсақ, бұл бөлімде сол ақылдың қалайша қасіретке айналғанын, оның хаттарындағы әрбір сөздің астында қандай жанартау жатқанын талдаймыз. Шығарманың ішіне тереңірек бойлағанда менің байқағаным: Қамар мен Ахметтің жазысқан хаттары — бұл жай ғана ғашықтардың хаттары емес, бұл — екі әлемнің, екі түрлі тағдырдың соңғы үміті.

Меніңше, Қамардың хаттарындағы сарын -«үнсіз айқай». Ол сырттай момын

көрінгенімен, қағаз бетіне түскен әрбір әрпі арқылы замананың бетіне түкіріп тұрғандай.

Белгілі әдебиеттанушы Рымғали Нұрғали Торайғыровтың эпистолярлық стиліне, хат жазу шеберлігіне таңданыс білдіре отырып:

«Қамардың хаттары — оның еркіндікке деген манифесі», — дейді.

Бірақ осы жерде бір қызық жайт бар. Неліктен Қамар Ахметтен көмек сұрағанда налымайды, керісінше оны аяйды? Менің ойымша, бұл -Қамардың рухани жағынан Ахметтен де биік тұрғанының белгісі. Ол өзінің құритынын сезеді, бірақ рухын таза сақтап қалғысы келеді.

Сыншы Серік Қирабаев Қамардың психологиялық ерекшелігін талдай келе, оның «ауруға» шалдығуын қоғамның дертімен байланыстырады. Мен осы пікірді дамыта отырып, мынадай батыл ой айтқым келеді: Қамардың есінен алжасуы -бұл медициналық диагноз емес, бұл — психологиялық протест. Ол өзін қоршаған «лас» шындықты көрмеу үшін, өз қиялындағы таза әлемге қашып кетті.

Айналасындағылар оны «жынданды» деді, ал шын мәнінде «жынданған» кім? Бір қыздың тағдырын малға айырбастаған тобыр ма, әлде сол тобырдың заңына бағынғысы келмеген өр тұлға ма?

Менің пайымдауымша, Қамардың трагедиясы оның хаттарындағы үміттің үзілуімен бірге шыңдала түседі. Ол хат жазу арқылы өзінің бар екенін, оның да жаны бар адам екенін дәлелдегісі келді. Бірақ ол хаттарды түсінетін құлақ болмады. Бұл — нағыз рухани тұңғыық. Қамардың жалғыздығы- адамдардың арасында жүріп, ешкімге керек болмаудың, ешкімнен түсіністік таппаудың ең ауыр формасы.

Меніңше, Қамардың ең үлкен қасіреті оның «сұлулығында» емес, оның сол сұлулықты сезіне алатын «ақылында». Ол өз хатында:

«Мен бір сорлы, бағы жоқ соққан дауыл, Кімге барып айтайын мұң мен зарым?» — деп толғанғанда, менің көз алдыма тек жылаған қыз емес, айналасынан бірде-бір «адам» таба алмай, рухани қаңғырып қалған тұлға келеді.

3. Ахмет пен қамар - махаббат па, әлде екі жалғыз жанның мұңы ма?

Шығарманы оқу барысында көпшілік Ахметті Қамардың жалғыз сүйеніші, оны құтқарушы тұлға ретінде көреді. Алайда, мәтінді жіті зерттегенде менің байқағаным: Ахмет -Қамардың деңгейіне жете алмаған, оның ішкі «жанартауын» түсінбеген әлсіз бейне. Менің ойымша, бұл жердегі трагедия махаббаттың жоқтығында емес, сол махаббаттың екі түрлі салмағында жатыр.

Менің батыл пайымдауымша, Қамар Ахметті шын сүйген жоқ, ол тек Ахметтің бойынан өзін қоршаған «надандық батпағынан» шығаратын жолды көргісі келді. Ол Ахметті

емес, ол еркіндікті сүйді. Ал Ахмет ше? Ол — оқыған, бірақ іс-әрекетке келгенде дәрменсіз, интеллигентсымақ жан.

Әйгілі жазушы әрі сыншы Мұхтар Әуезов өз уақытында Сұлтанмахмұттың бұл романы туралы:

«Қамар — бүкіл бір дәуірдің зары», — деген болатын.

Осы пікірді негізге ала отырып, мен мынадай ащы шындықты айтқым келеді: Ахмет — сол заманның «сөзден аса алмаған» оқығандарының прототипі. Ол Қамарға хат жазып, мұңдас болғанымен, шешуші сәтте тайсақтап қалды.

Сұрақ туындайды: Егер Ахмет нағыз күрескер болса, Қамар есінен алжасар ма еді? Неге ол сүйгенін Нұрымның қорлығына тастап қойып, тек «алыстан хат жазып» қана отырды?

Сыншы Тұрсынбек Кәкішев Сұлтанмахмұттың еркіндік сүйгіштігін айта келе, оның кейіпкерлерінің де сондай болғанын қалағанын жеткізеді. Бірақ менің зерттеуімше, Ахмет пен Қамардың арасында үлкен рухани алшақтық бар. Қамар — құрбандыққа бара алатын, жанын отқа салатын «ер» болса, Ахмет — жағдайға бағынған «пәнде».

Шын мәніндегі жауап қандай?

Меніңше, Қамардың нағыз трагедиясы — оның тірегі ретінде сенген адамының, яғни, Ахметтің өзінен рухани төмен болуында. Ол есінен алжасқанда тек Ахметтен емес, бүкіл ер адам затынан, бүкіл әділдіктен күдер үзді. Оның жаны Ахметтің хаттарындағы «әдемі сөздерден» шаршады, оған «әрекет» керек еді.

Байқап қараңызшы: Қамарды өлтірген Нұрымның қамшысы емес, Қамарды өлтірген — Ахметтің дәрменсіздігі мен өз ортасының сатқындығы. Сондықтан бұл махаббат хикаясы емес, бұл — рухани жалғыздыққа сотталған тұлғаның соңғы демі. Қамар — өз биігінде жалғыз қалды. Ахмет оның жанына көтеріле алмады, ал Нұрым оны төменге тартты. Осы екі ортада Қамардың жаны шытынап кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Торайғыров С. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. (Романның негізгі мәтіні мен кейіпкер психологиясын талдау үшін).
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. (Сыншының Қамар бейнесін «дәуір зары» деп бағалаған концепциясы негізінде).
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. (Кейіпкерлерді типтендіру және Қамардың ішкі әлеміндегі шындық пен қиял қақтығысы туралы ойлары үшін).
4. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. (Қамардың

психологиялық ахуалын қоғамдық дертпен байланыстырған талдаулары негізінде).

5. Базарбаев М. Көркемдік ізденістер. – Алматы: Жазушы, 1988. (Торайғыровтың суреткерлік шеберлігі мен Қамардың интеллектуалдық тұлғасын зерделеген еңбегі).
6. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. (Эпистолярлық жанр, яғни хаттар арқылы кейіпкер манифесін талдау үшін).
7. Елеукенов Ш. Қазақ романы және заман. – Алматы: Жазушы, 1968. (Романның құрылымы мен Қамардың рухани әлемін «рентгеннен өткізу» әдістерін талдау үшін).
8. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. (Кейіпкер психологиясындағы экзистенциалды жалғыздық пен нәзіктіктің симбиозын зерттеген еңбегі).
9. Кәкішев Т. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Жазушы, 1975. (Автордың еркіндік сүйгіштігі мен кейіпкерлердің рухани болмысына берген бағасы үшін).

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.